

13 Abdrahmanova A., Bel'gibaeva A., Sartov U. (2019). Sostojanie i osobennosti jekologicheskogo ucheta v Kazahstane. Vestnik Moskovskogo universiteta im. S. Ju. Vitte. Serija 1:Jekonomika i upravlenie, 3(30), 67-74.

14 Gupta V.K. (2011). Environmental Accounting and Reporting - An Analysis of Indian Corporate Sector. [Electronic resource] URL: <http://www.wbiconpro.com/110-Gupta.pdf>. (Date of access: 13.11.2019).

15 Shapiguzov S.M., Shnejdman L.Z. (1997). Sistema ucheta prirodoohrannoj dejatel'nosti predpriyatija. Jekologicheskij ucheta i audit: Sb. statej; Pod red. L.Z. Shnejdmana.- M.: FBK-PRESS, 7-10.

16 Saenko K.S. (2005). Uchet jekologicheskikh zatrat. - M.: Fin. i st., 376.

17 Il'icheva E.V. (2009). Sravnitel'naja harak-teristika finansovogo, nalogovogo, upravlencheskogo i jekologicheskogo ucheta. Fundamental'nye issledovanija. 1, 66–67.

18 Chhutiasvili L.V. (2014). Organizacija i sovershenstvovanie jekologicheskogo ucheta na rossijskikh predpriyatijah. Lex russica, 2, 185–198.

19 Rubanova N. N. (2005). Jekologicheskij ucheta na predpriyatijah promyshlennosti stroitel'nyh materialov: avtoref. dis. ... kand. jekon. nauk : 08.00.12 / Natal'ja Nikolaevna Rubanova (23 p.). Orel.

20 Murueva Je.K. (2007). Jekologicheskie aspekty buhgalterskogo ucheta (na primere lesnogo sektora jekonomiki): dis. ... kand. Jekon (282 p.). Sankt-Peterburg.

21 Schaltegger S., Zvezdov D., Bennett M. (2010). The Increasing Involvement of Accountants in Corporate Sustainability Management. Journal of the Asia-Pacific Centre for Environmental Accountability. December.

АННОТАЦИЯ

Статья посвящена изучению теоретико-методологического комплекса науки экологического учета. При анализе экология доклада рассматривается по-разному: основные направления и любые. В ходе исследования использовались общенаучные методы, в том числе наблюдение, сравнение, системно-аналитический подход, теоретическая взаимосвязь, тщательный анализ, функциональное наблюдение, эксперт, абстрагирование. В настоящее время экологический учет стал одним из самых проблемных аспектов бухгалтерского, управленческого и бухгалтерского учета. Первая Стандартная Международная Бухгалтерская Компания в сфере Экологии, Образования и Бухгалтерского учета существует уже более года, и Бухгалтерский Бухгалтерский учет в Казахстане на данный момент является самым популярным в мире. Экологический отчет был посвящен оценке факторов окружающей среды и подготовке экологических отчетов заданной формы и содержания, ориентированных на внешних и внутренних пользователей. Экологические отчеты предоставляют информацию об окружающей среде в различных формах. Ecologylyq важен не только для экономической стабильности, но и для долгосрочной конкурентоспособности Sonymen Qatar. Однако, как отмечалось выше, в Казахстане отсутствует система нормативных правовых актов, регулирующих бухгалтерский учет в сфере экологии и требующих обеспечения природоохранной деятельности и охраны производства в финансовой отчетности.

ӨОЖ 658:338.46

FTAXP 06.75.73

Базарова Б.Т., экономика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, <https://orcid.org/0000-0001-5197-6001>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»КеАҚ, Орал қ., Жәңгір хан 51, 090009, Қазақстан, Baktigulbazarova@mail.ru

Bazarova B. T., Master of Economic Sciences, senior lecturer, <https://orcid.org/0000-0001-5197-6001>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, Baktigulbazarova@mail.ru

"TECHNODOM OPERATOR" АҚ-ДА ВИРТУАЛДЫ ҚОЙМАНЫҢ ЖҰМЫСЫН ОҢТАЙЛАНДЫРУ OPTIMIZATION OF THE VIRTUAL WAREHOUSE AT TECHNODOM OPERATOR JSC

ТҮЙІН

Виртуалды қойма деген электронды шот-фактурамен ақпараттық жүйесінің арнайы жасалған модулі болып табылады.

Тауарлардың қозғалысын автоматты түрде басқаруға виртуалды қойма модулі арналған:

- Қазақстанға импортталған;
- ел аумағында өндірілген және сатылатын;
- Қазақстанда өндіріліп, экспортталады.

Виртуалды қойма модулі ол нақты қойманың электрондық аналогы болып табылады, ал бұл модульдің функционалдығы виртуалды қоймаға келген тауарлардың электрондық қоймалық есептілігін жүргізуге мүмкіндік береді.

Виртуалды қойманың көмегімен әрбір ұйым – пайдаланушы,:

- электронды қоймаларды «құру»;
- тауарлар қалдығы туралы мәліметтерді жүйеге енгізу;
- импортталған немесе өндірілген тауарлар туралы мәліметтерді енгізу;
- тауарларды Қазақстан аумағында сату туралы мәліметтерді көрсету, т.б. қызметтер атқарылады.

Виртуалды қойма модулі электронды шот-фактурамен ақпараттық жүйесінің бөлігі болғандықтан, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер басқармасы атынан ұсынылған кез келген мемлекеттік органдар оны онлайн режимінде бақылап, тексеріп отыру үшін қолдана алады:

- Импортталған тауарлардың Қазақстан аумағы арқылы қозғалысы, импортталған сәттен бастап соңғы тұтынушыға дейін немесе есептен шығарғанға дейінгі;
- Жергілікті өндірілген тауарлардың қозғалысы, өндірушіден соңғы тұтынушыға дейінгі.

Тауарлар қозғалысының бұндай ашықтүрде көрінуі, тауарлардың жекелеген түрлерінің импорттық көлемін бақылап, тексеріп отыруды жеңілдетуге, кәсіпорындардың нақты айналымдарын қадағалап және солар арқылы салық салудың толықтығы мен дұрыстығын бақылауға мүмкіндік береді.

ANNOTATION

Virtual warehouse is a specially designed module of the ESF information system.

The Virtual Warehouse module is designed to automatically control the movement of goods:

- brought to Kazakhstan;
- Produced and sold within the country;
- Produced in Kazakhstan and sent for export.

The virtual warehouse module is an electronic analog of a real warehouse, and the module's functionality makes it possible to keep electronic warehouse records of goods coming to the virtual warehouse.

Each, organization - user, with the help of the virtual warehouse:

- "create" electronic warehouses;
- enter information about the rest of the goods into the system;
- enter data about the imported or produced goods;
- display information about the sale of goods in Kazakhstan.

Since the virtual warehouse module is part of the ESF IS, government agencies represented by the DGD of the MF RK can use it for online control:

- movement of imported goods through the territory of Kazakhstan from the moment of import to the final consumer or to the moment of writing them off;
- movement of locally produced goods from the producer to the end consumer.

Such transparency of goods movement enables to facilitate control over volume of import of certain goods, monitor actual turnover of organizations, thereby controlling completeness and correctness of taxation.

Кілт сөздер: қойма, дүкендер, тауарлар, талдау, ұйым, бақылау, автоматты бақылау.

Key words: warehouse, stores, goods, analysis, organization, control, automatic control.

Кіріспе. Виртуалды қойманың негізгі міндеті импорт немесе өндірістен бастап оның көтерме сауда немесе экспортқа дейінгі қозғалысын бақылау, салық төлеушінің қоймасында нақты қалған тауарлар қалдығын анықтау болып табылады. Осылайша тауарсыз мәмілелерді жасаудағы тәуекелдер азаяды.

Виртуалды қойма модулі тауарлардың виртуалды қоймаға келіп түсу, шығарылу үдерісін, сондай-ақ, оның ішінде тауарларды декларациялау немесе импортталған тауарлар туралы мәліметтерді декларация негізінде автоматтандырып отырады.

«Technodom Operator» АҚ-да виртуалды қойма Алматы қаласындағы дүкенінде жасақталған. Орал қаласы дүкендері бойынша қарастырылмаған.

Нәтижесінде виртуалды қоймадан таңдалып алынған тауарлар бойынша электронды шот-фактураны рәсімдеу кезінде тауарларды енгізу туралы өтініштер, деректер автоматты түрде жүктелетін болады.

Салық төлеушілер қоймадағы қалған тауарларды онлайн түрде жүргізіп отыруға, тауарлар туралы барлық қажетті мәліметтерді (тауарлардың шығарылуы жөнінде) сақтауға мүмкіндіктері бар.

Салық төлеушілерге электронды шот-фактурамен ақпараттық жүйесі туралы тауарларды алып қою тізімдемесіндегі тауарлар айналымын автоматты түрде бақылауға және ДСҰ баж салығы бойынша елге кіргізілген тауарларды ЕАЭО мемлекеттеріне экспортталуына жол бермеуге көмектесіп отырады.

Виртуалды қоймадағы тауарлардың айналымы - ол импорт немесе өндіріс саласынан тауарларды тұтыну немесе экспорттау саласына ауыстыру қозғалысын бақылап, қадалау болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Виртуалды қоймада тіркелген барлық тауарлар үшін емес, тек Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Басқармасының анықтаған тауарлар үшін есептілігін жүргізіп отыру қажет.

Салық қызметінің мақсаты қоймадағы тауарларды алу тізбесіне сәйкес тиісті тізімді қалыптастырады және жаңартып отырады. Нақты сыртқы экономикалық қызметтердің тауарлар номенклатурасы бойынша кодтарын көрсете отырып, Виртуалды қоймадағы есепке алынатын тауарлардың қазіргі актуалды тізімдемесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер басқармасының сайтынан табуға болады.

Виртуалды қоймадан тауарларды сатқан кезде, электронды шот-фактурамен ақпараттық жүйесінде бұрыннан бар мәліметтермен автоматты түрде толтырылып отырады. Модуль қолданушысына сатылған тауарлар туралы ақпараттарды қолмен енгізіп отыру қажет емес. Сонымен қатар, электронды шот-фактурамен ақпараттық жүйесінде қоймадан оларға қосылғаннан артық тауарларды есептен шығарылуына мүмкіндік бермейді. Бұл виртуалда қоймаға қатысты жүктер немесе тауарлардың қозғалысын есепке алған кезде кететін қателіктердің туындау қаупін жойып отырады және олардың қозғалысына максимальды бақылауды қамтамасыз етеді.

Виртуалды қойма модулі, ең алдымен, салық және кеден органдарының мүдделеріне орай құрылған, және оларға тауарлардың жекелеген топтарының қозғалысын бақылауды, қадағалауды жеңілдетуге мүмкіндік беретініне қарамастан, виртуалды қойманы пайдаланушылар үшін де артықшылықтары бар.

Кәсіпорын есебінен шығаруға рұқсат етілген тауарлар санын автоматты түрде тексеруге арналған модульге енгізілген жүйе, қойма есептілігін жүргізу кезінде адами факторды жоюға мүмкіндік беріп отырады.

Салық төлеуші, виртуалды қоймаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі, қосымша жұмыстарға қарамастан, нәтижесінде өз істерін, қызметтерін бақылаудың, тағы бір құралын алады.

«Виртуалды қойма» модулінде жұмыстың басында тек белгіленген тізім бойынша

тауарлар тізімі көрсетіледі. Бастапқыда тапсырыстағы тайарлардың кодтары ғана болады. Содан кейін болашақта тапсырыс кеңейген соң оған басқа да тауарлар топтары қосылады.

Нәтижелер және оларды талқылау. «Technodom Operator» АҚ - ның дүкендері ең соңғы сауда технологияларын ескере отырып жасалған және тұтынушыларға қызмет көрсетудің әлемдік стандарттарына толығымен сәйкес келеді.

Әрбір «Technodom Operator» АҚ -ның дүкенінде эмоционалды және баға аймақтары, тауарлар мен қызметтер туралы ақпараттың анық және түсінікті жүйесі, сауда алаңында оңай оқылатын қозғалыс бағыты, тауарларға ыңғайлы қол жеткізу және кез келген өнімді сынау мүмкіндігі бар. Клиенттерге қосымша қызметтердің кең спектрі, соның ішінде тұтынушылық несиелеудің әртүрлі бағдарламалары ұсынылады.

«Technodom Operator» АҚ -ның сауда портфолиосында 700-ден астам жетекші әлемдік брендтер бар: Sony, Panasonic, Samsung, LG, Apple, Philips, Nokia, Canon, Nikon, Fujitsu, Bosch, Electrolux, Indesit, Hotpoint-Ariston, Gorenje, Hansa, Zigmund & Shtain, Whirlpool, Beko, Termex, Moulinex, Tefal, Rowenta және т.б.

Компанияның сауда желісі Қазақстанның барлық аумағын қамтиды. «Technodom Operator» АҚ -ның дүкендері келесі қалаларда жұмыс істейді: Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Балқаш, Жезқазған, Жаңаөзен, Қарағанды, Қапшағай, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Құлсары, Павлодар, Петропавл, Рудный, Семей, Тарған, Сағат, С. Талғар, Теміртау, Түркістан, Өскемен, Орал, Шымкент және Екібастұз.

«Виртуалды қойма» электронды шот-фактураның ақпараттық жүйесінің модульдерінің бірі болып табылады, ол салық төлеушінің тауарларын қадағалау үшін қолданылады. Виртуалды қоймалармен жұмыс 2018 жылдың сәуірінде басталды, дәл осы уақытта Виртуалды қойма модулі электронды шот-фактураның ақпараттық жүйеде коммерциялық пайдалануға берілді.

Виртуалды қойма - Электронды шот-фактураның ақпараттық жүйесіндегі әрбір салық төлеушінің әдепкі бойынша бір виртуалды қоймасы бар - «Бөлінбеген қойма». Қойма жүйемен автоматты түрде жасалады, бірақ бұл «аралық» қойма, одан сіз тауарларды сата алмайсыз немесе олармен басқа әрекеттерді орындай алмайсыз (тек «жұмыс қоймасына» жібере алады).

Тауарлармен жұмыс істеу үшін жүйеде «жұмыс істейтін» виртуалды қойманы құру қажет. Салық төлеушінің өзі қанша виртуалды қойма жұмыс істеуі керек екенін анықтайды және оларды жүйеде жасайды.

Виртуалды қойманы құрған кезде «1С: Қазақстан үшін бухгалтерлік есеп 8.2» конфигурациясында виртуалды қоймаларды құру, жеткізуші сатып алушының виртуалды қоймасы туралы мәліметтерді де толтырады. ЭШФ АЖ-да мемлекеттік қоймалар контрагенттің БСН/ЖСН көрсетілгеннен кейін таңдалады.

1С-те контрагенттердің виртуалды қоймалары алдымен бухгалтерлік есеп жүйесіне жүктелуі керек. PRO конфигурациясында контрагенттердің виртуалды қоймаларымен жұмыс істейді.

«Виртуалды қойма» модулінде жұмыстың басында тек белгіленген тізім бойынша тауарлар (ВҚ тауарларының тізімі) көрсетіледі. Бастапқыда тапсырыстағы тайарлардың кодтары ғана болады. Содан кейін болашақта тапсырыс кеңейген соң оған басқа да тауарлар топтары қосылады.

Қазіргі уақытта ЭШФ АЖ-да «тауарға арналған ілеспе накладнойы» модулі мен «Виртуалды қойма» модулі арасында тығыз байланыс болады. «тауарға арналған ілеспе накладнойы» қалдықтары салық төлеушінің виртуалды қоймасында тұрған тауарларға ғана беруге болады. Яғни, «тауарға арналған ілеспе накладнойын» беру кезінде салық төлеуші автоматты түрде «Виртуалды қойма» модулімен жұмыс істейді. Осылайша, «тауарға арналған ілеспе накладнойы» енгізілуімен құжат ресімделетін барлық тауарлар Виртуалды қойма модулінде міндетті түрде көрініс табады.

Бастапқыда ЭШФ АЖ-де виртуальный қойма тауарларымен жұмыс істеу үшін 2 құжат пайдаланылды: Электрондық шот фактура мен виртуальный қойма нысаны. Электрондық шот-фактура сатудағы жеткізуші мен сатып алушы арасында тауарларды ресімдеуге арналады.

Қалған операциялардың барлығы (есептен шығару, аудару, балансты енгізу және т.б.) ВҚ нысанында көрсетілді.

Егер 1С-тегі салық төлеуші әлі «тауарға арналған ілеспе накладнойы» жұмыс істемесе және виртуалды қоймада тауарлардың есебін жүргізбесе, баланстар өтпелі көмекші көмегімен қалыптасады. «Қазақстандағы бухгалтерлік есеп» конфигурациясындағы PRO конфигурациясының Виртуалды қоймадағы тауарларды есепке алуына көшуге болады. Егер салық төлеуші виртуалды қойма тауарларының есебіне 1С ауыстырған болса, онда оның виртуалды қоймаларында тауарлардың кейбір топтары бойынша қалдықтар көрсетіледі.


Өнім балансының жүйесіне «қосу» үшін виртуальный қойманың электронды құжаты қолданылады.

Жеткізушіден тауарды сатып алғанда, ол туралы деректер «тауарға арналған ілеспе накладнойы» арқылы автоматты түрде виртуалды қоймаға жіберіледі. Мұндай тауарлар үшін жүйеге деректерді енгізу үшін қосымша операциялар қажет емес. Кіріс «тауарға арналған ілеспе накладнойы» арқылы виртуалды қоймаға келген, бірақ одан әрі операциялар үшін «тауарға арналған ілеспе накладнойы» талап етілмейтін тауарлар виртуалды қоймадан есептен шығарылуы мүмкін.

ЭШФ АЖ-де тауар қозғалысын талдау үшін айналымдық-қалдықтық ведомость құрылады. Виртуалды қоймадағы тауарлардың өлшем бірлігін өзгерту бойынша жеткізуші мен сатып алушының өлшем бірліктері әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, жеткізуші тауарды жәшіктерге салып сатады, ал оның сатып алушысы сол тауарды жеке сатады. Жеткізуші «тауарға арналған ілеспе накладнойы» беру кезінде «Жәшік» өлшем бірлігін көрсетеді.

Тиісінше, тауарлар басқа орынға ауыстырылады және жәшіктерде сатып алушының виртуалды қоймасында «отырғызылады». Бірақ оған данамен сату қажет. Бұл жағдайда тауарды өлшем бірліктері арасында айырбастау, яғни жеткізушінің өлшем бірліктерінен тауарды «қайта есептеу» және оны сатып алушының есеп бірліктеріне жеткізу қажет.

Виртуалды қоймаларды ЭШФ АЖ-де де, салық төлеушінің есеп жүйесінде де (1С) құруға болады.



Сурет 1 - Виртуальды қойманың бастапқы беті көрсетіледі

Виртуальный қоймада жұмыс істеу үшін мәзір тармақтарының бірін таңдайды:

Остатки товаров

Фильтры Настройка журнала

	Код ГС ВС 1 уровня - КЛ ВЭД	Код ТН ВЭД	№ ДТ, ФНО 328.00, СТ-КЗ, СТ-1	Номер товарной позиции из ДТ или ФНО 328.00	Наименование товаров в соответствии с ДТ или ФНО 328.00	Страна импорта / производства	Физическая метка	Цена	Наименование с ГС ВС	Кол
☐	01.11.11.01	1001110000	12345/060318/0123456			AR		300	Пшеница и меслин / пшеница твер...	630
☐	01.11.11.01	1001110000	12345/070318/0222222	1	Пшеница070318	AT		2000	Пшеница и меслин / пшеница твер...	99
☐	01.11.11.01	1001110000	12345/100318/0123456	1	Пшеница 2 сорт	BE		300	Пшеница и меслин / пшеница твер...	310
☐	01.11.11.01	1001110000	12345/060318/0111222	1	Пшеница06	BY		2000	Пшеница и меслин / пшеница твер...	200
☐	01.11.11.01	1001110000	12345/060318/0111222	1	Пшеница06	BY		2000	Пшеница и меслин / пшеница твер...	86
☐	01.11.11.01	1001110000	23456/060318/0111122	1	Пшеница высший сорт	DE		5000	Пшеница и меслин / пшеница твер...	100

Сурет 2 – Тауарлардың қалдықтары мәзірінің тармағы - салық төлеушінің барлық қалған тауарларын көрсетеді

Журнал ЭСФ

Создать ЭСФ

Фильтры

Дата выписки счета-фактуры

«С»: дд.мм.гггг

«По»: дд.мм.гггг

Отправленные: Непросмотренные

Полученные: -- Выберите --

В очереди: -- Выберите --

В работе: -- Выберите --

Применить Очистить


	Регистрационный номер Счета-фактуры	Номер Счета-фактуры	Дата выписки	Размер оборота по реализации	Версия	Действия	Статус ЭЦП
--	-------------------------------------	---------------------	--------------	------------------------------	--------	----------	------------

Страница 0 15

Сурет 3 – Электронды шот-фактура журналы мәзірінің тармағы ЭШФ-мен жұмыс істеу функционалдығына ауысуға мүмкіндік береді



Сурет 4 – Виртуальды қоймамен жұмыс істеу үшін қойма құру керек. Ол үшін ЭШФ АЖ енгізіп, Қоймалар мәзірінің пунктiне өту қажет



Сурет 5 – «Қойма құру» түймесін басып шығару қажет

Сурет 6 – Содан кейін қажетті өрістерді толтырып, «Қойманы сақтау» түймесін басу қажет

ЭШФ АЖ-да бірінші қойманы құру кезінде виртуалды қоймалардың келесі мүмкіндіктері қолжетімді:

«Басымдық қойма» – виртуалды қоймадан тауарларды автоматты түрде орналастыру және есептен шығару үшін ЭШФ АЖ-ға қатысушы анықтайтын қойма;

«Тауарларға арналған декларациялар бойынша тауарларды орналастыру қоймасы» - тауарларға арналған декларациялар бойынша тауарларды автоматты түрде орналастыруға арналған қойма;

«Қоғамдық қойма» – сатып алушы тауарды жылжыту және өткізу кезінде қойма тандау үшін өнім берушіге беретін қойма;

«Бірлескен қызметке қатысушылардың қоймасы» - бірлескен қызметке қатысушылар пайдаланатын қойма (бұдан әрі – АҚШ доллары қоймасы);

«Лизингке арналған қойма» - белгілі бір мерзімге әртүрлі мердігерлермен (жеткізуші немесе алушы) бірлесіп пайдалануға арналған қойма;

«Толлингтік шикізатты қайта өңдеу қоймасы» - толлер және шикізатты өңдеуші пайдаланатын қойма;

«Қайта ұйымдастырылған субъектінің қоймасы» - кәсіпорынды қайта ұйымдастыру кезінде пайдаланылатын қойма.

Виртуалды қойманы тестілеу тақтасында модульдің ағымдағы жүзеге асырылуы үдерісімен танысуға болады. Жүйеге кіру Ұлттық куәландырушы орталығының Электрондық

цифрлы қол қою тетігі негізінде жүзеге асады.

Қорытынды. Қорыта келгенде "Technodom Operator" АҚ-да виртуалды қойманың жұмысын оңтайландыру бойынша дұрыс жүргізілуі кәсіпорынның қаржылық жағдайды жақсартуға, яғни сол кәсіпорынның жұмысын алға жүргізу немесе дамыту үшін келесідей ұсыныстарды ұсынуға болады:

- виртуалды қоймадан тауарларды автоматты түрде орналастыру және есептен шығару
- виртуалды қойманың жұмысын Орал қаласындағы "Technodom Operator" АҚ-да филиалында енгізу

Виртуалды қойма модулі, ең алдымен, салық және кеден органдарының мүдделеріне орай құрылған, және оларға тауарлардың жекелеген топтарының қозғалысын бақылауды, қадағалауды жеңілдетуге мүмкіндік беретініне қарамастан, виртуалды қойманы пайдаланушылар үшін де артықшылықтары бар.

Кәсіпорын есебінен шығаруға рұқсат етілген тауарлар санын автоматты түрде тексеруге арналған модульге енгізілген жүйе, қойма есептілігін жүргізу кезінде адами факторды жоюға мүмкіндік беріп отырады.

Салық төлеуші, виртуалды қоймаға техникалық қызмет көрсету жөніндегі, қосымша жұмыстарға қарамастан, нәтижесінде өз істерін, қызметтерін бақылаудың, тағы бір құралын алады.

«Виртуалды қойма» модулінде жұмыстың басында тек белгіленген тізім бойынша тауарлар тізімі көрсетіледі. Бастапқыда тапсырыстағы тайарлардың кодтары ғана болады. Содан кейін болашақта тапсырыс кеңейген соң оған басқа да тауарлар топтары қосылады.

Қорытындылай келе біздің міндетіміз кәсіпорында виртуалды қойма жұмысын енгізу және үздіксіз жетілдіріп отыру, сәйкесінше шаруашылық субъектінің экономикасын күшейту және бұл арқылы халықтың әл ауқатын арттыру болып табылады.

Сонымен бірге осы күнгі экономикалық тығырықтан шығуды айта кеткен жөн. Ол үшін еңбекті ғылыми тұрғыдан ұйымдастырып, есеп жұмыстарында ең озық тәжірибелерін пайдалану болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Thomas L Landers, Michael H Cole, Bryan Walker, Randall W Kirk. The virtual warehousing concept // Transportation Research Part E: Logistics and Transportation Review // Volume 36. Issue 2. – 2000. - Pages 115-126. [https://doi.org/10.1016/S1366-5545\(99\)00024-1](https://doi.org/10.1016/S1366-5545(99)00024-1).
2. Qinan Wang, Guangyu Wan. Fixed-interval order-up-to policies and myopic optimal warehouse stock allocation for one-warehouse multiple-retailer systems // European Journal of Operational Research / 2023. <https://doi.org/10.1016/j.ejor.2023.02.025>.
3. Jonas Andersson, Filip Malmberg, Johan Marklund. Exact analysis of One-Warehouse-Multiple-Retailer inventory systems with quantity restricted deliveries // European Journal of Operational Research. - 2023. ISSN 0377-2217. <https://doi.org/10.1016/j.ejor.2023.02.026>.
4. Qiuxia Chen, Zhixue Liu, Lin Tian, Xuelian Qin. In-store, pre-warehouse, or store-and-warehouse integration: Strategic analysis for neighborhood fresh product retail modes // Computers & Industrial Engineering / Volume 177. – 2023. ISSN 0360-8352. <https://doi.org/10.1016/j.cie.2023.109085>.
5. Andrea Ferrari, Giovanni Zenezini, Carlo Rafele, Antonio Carlin. A Roadmap towards an Automated Warehouse Digital Twin: current implementations and future developments // IFAC-PapersOnLine // Volume 55. Issue 10. – 2022. ISSN 2405-8963. <https://doi.org/10.1016/j.ifacol.2022.09.676>.
6. Maryam Abbasi. 10 - Storage, Warehousing, and Inventory Management // Editor(s): Reza Zanjirani Farahani, Shabnam Rezapour, Laleh Kardar / Logistics Operations and Management. Elsevier. – 2011. ISBN 9780123852021. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-385202-1.00010-4>.
7. Margareta Živičnjak, Kristijan Rogić, Ivona Bajor. Case-study analysis of warehouse process optimization // Transportation Research Procedia. Volume 64. – 2022. ISSN 2352-1465. <https://doi.org/10.1016/j.trpro.2022.09.026>.
8. Bert M. Balk, M.B.M. (René) De Koster, Christian Kaps, José L. Zofío. An evaluation of cross-efficiency methods: With an application to warehouse performance // Applied Mathematics and Computation. Volume 406. – 2021. ISSN 0096-3003. <https://doi.org/10.1016/j.amc.2021.126261>.

9. Родин Н.Н. Оценка эффективности управления дебиторской задолженностью // Планово-экономический отдел. 2015. №1. С.32-39.
10. Доронина А.С. Выбор методики проведения анализа дебиторской задолженности для предприятия отрасли водоснабжения, предложение мер контроля за величиной дебиторской задолженности // Молодежный научный вестник. 2017. №10. URL: <http://www.mnvnauka.ru/2017/10/Doronina.pdf> (дата обращения: 01.12.2020).
11. Ефимова О.В. Финансовый анализ: современный инструментарий для принятия экономических решений. М.: Омега-Л, 2014. 351 с.
12. Шеремет А.Д. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: учебник. М.: ИНФРА-М, 2017. 374 с.
13. Учет расчетов с покупателями и заказчиками // Профессионально PRO1C. 2016. URL: <https://pro1c.kz/articles/uchet-raschetov-s-kontragentami/uchet-raschetov-s-pokupatelyami-i-zakazchikami/> (дата обращения 01.12.2020)
14. Савицкая Г.В. Экономический анализ: учебник. 14-е изд. М.: Инфра-М, 2017. 649 с.
15. Ковалев В.В. Финансовый менеджмент. Теория и практика. М.: Проспект, 2017. 985 с.
16. Мормуль Н.Ф., Еникеева С.А. Дебиторская задолженность как конкурентное преимущество // ЭСГИ. 2019. №2 (22). С.25-30.
17. Смиренникова В.Д. Нормативно-правовое регулирование расчетов с поставщиками и покупателями // Экономика и социум. 2017. №4 (35). С.7-13
18. Куражев П.А., Битеряков Ю.Ф. Экономическая сущность дебиторской задолженности и особенности ее оценки // Студенческий: электрон. научн. журн. 2019. № 12(56). С.35-39.
19. Бородай В.А. Экономика предприятия (организации): учебное пособие / В.А. Бородай, Е.В. Галенко, Л.В. Дегтева [и др.]. Н.Новгород: Профессиональная наука, 2018. 500 с.
20. Надольская Н.А. Экономический анализ хозяйственной деятельности предприятия: учеб. пособие. Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. экон. ун-та, 2017. 172 с.

REFERENCES

1. Thomas L Landers, Michael H Cole, Bryan Walker, Randall W Kirk. The virtual warehousing concept // Transportation Research Part E: Logistics and Transportation Review // Volume 36. Issue 2. – 2000. - Pages 115-126. [https://doi.org/10.1016/S1366-5545\(99\)00024-1](https://doi.org/10.1016/S1366-5545(99)00024-1).
2. Qinan Wang, Guangyu Wan. Fixed-interval order-up-to policies and myopic optimal warehouse stock allocation for one-warehouse multiple-retailer systems // European Journal of Operational Research / 2023. <https://doi.org/10.1016/j.ejor.2023.02.025>.
3. Jonas Andersson, Filip Malmberg, Johan Marklund. Exact analysis of One-Warehouse-Multiple-Retailer inventory systems with quantity restricted deliveries // European Journal of Operational Research. - 2023. ISSN 0377-2217. <https://doi.org/10.1016/j.ejor.2023.02.026>.
4. Qiuxia Chen, Zhixue Liu, Lin Tian, Xuelian Qin. In-store, pre-warehouse, or store-and-warehouse integration: Strategic analysis for neighborhood fresh product retail modes // Computers & Industrial Engineering / Volume 177. – 2023. ISSN 0360-8352. <https://doi.org/10.1016/j.cie.2023.109085>.
5. Andrea Ferrari, Giovanni Zenezini, Carlo Rafele, Antonio Carlin. A Roadmap towards an Automated Warehouse Digital Twin: current implementations and future developments // IFAC-PapersOnLine // Volume 55. Issue 10. – 2022. ISSN 2405-8963. <https://doi.org/10.1016/j.ifacol.2022.09.676>.
6. Maryam Abbasi. 10 - Storage, Warehousing, and Inventory Management // Editor(s): Reza Zanjirani Farahani, Shabnam Rezapour, Laleh Kardar / Logistics Operations and Management. Elsevier. – 2011. ISBN 9780123852021. <https://doi.org/10.1016/B978-0-12-385202-1.00010-4>.
7. Margareta Živičnjak, Kristijan Rogić, Ivona Bajor. Case-study analysis of warehouse process optimization // Transportation Research Procedia. Volume 64. – 2022. ISSN 2352-1465. <https://doi.org/10.1016/j.trpro.2022.09.026>.
8. Bert M. Balk, M.B.M. (René) De Koster, Christian Kaps, José L. Zofío. An evaluation of cross-efficiency methods: With an application to warehouse performance // Applied Mathematics and Computation. Volume 406. – 2021. ISSN 0096-3003. <https://doi.org/10.1016/j.amc.2021.126261>.
9. Rodin N.N. Estimation of efficiency of management of accounts receivable // Planning and

economic department. 2015. № 1. S.32-39.

10. Doronina A.S. Choice of methods for the analysis of accounts receivable for the enterprise of the water supply industry, the proposal of measures to control the value of accounts receivable // Youth Scientific Herald. 2017. №10. URL: <http://www.mnvnauka.ru/2017/10/Doronina.pdf>(date of reference: 01.12.2020).

11. Efimova O.V. Financial analysis: modern tools for making economic decisions. Moscow: Omega-L, 2014. 351 s.

12 Sheremet A.D. Analysis and diagnostics of financial and economic activity of the enterprise: textbook. M.: INFRA-M, 2017. 374 s.

13 Accounting for settlements with buyers and customers // Professionally PRO1C. 2016. URL: <https://pro1c.kz/articles/uchet-raschetov-s-kontragentami/uchet-raschetov-s-pokupatelyami-i-zakazchikami/> (accessed 01.12.2020)

14 Savitskaya G.V. Economic analysis: textbook. 14th ed. M.: Infra-M, 2017. 649 s.

15 Kovalev V.V.. Financial Management. Theory and practice. Moscow: Prospect, 2017. 985 s.

16 Mormul N.F., Enikeeva S.A. Accounts receivable as a competitive advantage // ESGI. 2019. №2 (22). C.25-30.

17 Smirennikova V.D. Normative-legal regulation of settlements with suppliers and buyers // Economics and Sotsium. 2017. №4 (35). S.7-13

18 Kurazhev P.A., Biteryakov Y.F. Economic essence of accounts receivable and peculiarities of its evaluation // Student: electronic scientific journal. 2019. № 12(56). S.35-39.

19 Boroday V.A. Economy of the enterprise (organization): textbook / V.A. Boroday, E.V. Galenko, L.V. Degteva [et al]. N.Novgorod: Professional Science, 2018. 500 s.

20 Nadolskaya N.A. Economic analysis of the economic activity of the enterprise: a textbook. Yekaterinburg: Izd vo Ural. gos. ekonom. uzut, 2017. 172 s.

АННОТАЦИЯ

Виртуальный склад — это специально разработанный модуль информационной системы ESF. Модуль виртуального склада предназначен для автоматического контроля движения товаров:

- Пригнан в Казахстан;
- производится и продается на территории страны;
- Производится в Казахстане и отправляется на экспорт.

Модуль виртуального склада представляет собой электронный аналог реального склада, а функционал модуля позволяет вести электронный складской учет товаров, поступающих на виртуальный склад.

Каждая, организация - пользователь, с помощью виртуального хранилища:

- «создание» электронных складов;
- вводить информацию об остатках товаров в систему;
- ввод данных об импортируемых или производимых товарах;
- отображать информацию о продаже товаров на территории Казахстана.

Поскольку модуль виртуального склада входит в состав ИС ЕСФ, государственные органы в лице ДГД МФ РК могут использовать его для контроля в режиме онлайн:

- перемещение ввозимых товаров по территории Казахстана с момента ввоза до конечного потребителя или до момента их списания;
- движение товаров местного производства от производителя к конечному потребителю.

Такая прозрачность движения товаров позволяет облегчить контроль за объемом ввоза отдельных видов товаров, следить за фактическим оборотом организаций, тем самым контролируя полноту и правильность налогообложения.